

**Мәслихаттың 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 51 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 85 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 мамырда № 10196 -10 болып тіркелді

Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 51 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10124-10 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1) тармақша 5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылуының 35- жылдығына -15 ақпан:

Кеңес Армиясының, Әскери -теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес, Ауғанстан аумағындағы ұрыс - қимылдарына қатысқан әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ( бұдан әрі- КСР Одағы) ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына 50 айлық көрсеткіш мөлшерінде;

оқу жаттығу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жіберілген әскери міндеттілерге 50 айлық көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертліккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін

бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде атқару кезінде, жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6-тармақтың 11) тармақшасы алып тасталсын;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұзынкөл аудандық мәслихаттың төрағасы*

*Н. Булатов*